

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 19 қазандағы N 972 қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 4 мамырдағы N 623 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 18 маусымдағы № 458 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 18.06.2015 № 458 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **Қ АУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Шет елдермен ынтымақтастық жөніндегі бірлескен үкіметаралық комиссиялардың (комитеттердің, кеңестердің) және олардың кіші комиссияларының (кіші комитеттердің, жұмыс топтарының) қазақстандық бөлігін жүргізуге жауапты Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 19 қазандағы N 972 қаулысына мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген шет елдермен ынтымақтастық жөніндегі бірлескен үкіметаралық комиссиялардың (комитеттердің, кеңестердің) және олардың кіші комиссияларының (кіші комитеттердің, жұмыс топтарының) қазақстандық бөлігін жүргізуге жауапты Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының тізбесінде:

"Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі" деген 6-бөлімде 27-тармақ алынып тасталсын;

"Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі" деген 8-бөлім мынадай мазмұндағы 34-1-тармақпен толықтырылсын:

"34-1. Қазақстан-ливия үкіметаралық бірлескен комиссиясы".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*  
*Премьер-Министрі* *К. Мәсімов*